



**PSYCHOLOGICAL OPINIONS OF MAGZHAN ZHUMBAEV WHO IS POET,  
TEACHER & PSYCHOLOGIST**

***АҚЫН, ҰСТАЗ, ПСИХОЛОГ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙ-  
ПІКІРЛЕРІ***

**Sabyrova JANİLSİN**

Assoc. Prof.Dr. Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, [Zhanylsyn.sabirova@mail.ru](mailto:Zhanylsyn.sabirova@mail.ru)

**Shugayeva GULSHAT**

Assist. Prof. Dr. Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University [gshugayeva@mail.ru](mailto:gshugayeva@mail.ru)

XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын-жазушы, педагог-психолог, тарихшы-тюрколог, аудармашы, аса ірі қоғам қайраткері – Мағжан Жұмабаевтың артына қалдырған бай мұралары педагогикалық психология ғылымы үшін бай мұра болып табылады.

М.Жұмабаев елімізде педагогикалық психологиядан тұңғыш еңбек жазған ерекше тұлға. Оның «Педагогика», «Бастауыш мектептегі ана тілі», «Сауатты бол» еңбектеріндегі айтылған ойлары мен түйген тұжырымдарының ғылыми мәні жоғары. Бұл еңбектер тек әдістемелік және дидактикалық құрал ғана емес, педагогикалық, психологиялық құнды кітаптар болып табылады. Педагогикалық қызмет М.Жұмабаевтың пікірінше, оқу-тәрбие процесі баланың әр жас кезеңіндегі жан көріністерін білсе, сапалы болмақ. Сондықтан да баланың жан көріністерін жақсы біле отырып, оны оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдалана білуіміз қажет.

М.Жұмабаев тәрбиешіден мынаны талап етті: «адам баласын тәрбие қылу дегенде, әрине, адам баласының әсіресе жанын тәрбие қылу керек, сондықтан жан көріністерінің заңдылықтарын оқып үйрену керек». Әрбір тәрбиеші алдындағы тәрбиеленіп отырған адамның дене және жан көріністерін біле отырып, тәрбиеде қолданатын жолы болу керек дейді. Ол тәрбиешінің қолданатын тәрбие жолдарын былай көрсетеді: «Тәрбиешінің алдымен қолданылатын жолы – өз тәжірибесі. Өз тәжірибесіндегі естігенін, көргенін, жақсы мен жаманын пайымдап, балаға тиімдісін беріп, тәрбиеленушісін өз заманына лайық қылып шығару, өзінің басынан өткізген, өзінде бар нәрсені балаға жеткізу керек»-дейді. Әр тәрбиешінің қолданатын екінші жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылу керек. Тәрбиешінің өз тәжірибесі мен өз ұлтының тәрбиесімен таныс болуы жетпейді, бұған қоса түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, тәжірибелерімен таныстырып дұрыс пайдалана білуі керек. Баланы оқытып, тәрбиелеу кезіндегі тәрбиешінің психологиялық тактісі туа пайда болған жоқ, бірте-бірте қалыптасады. Тәрбиешіде психологиялық тактінің болуы, бала жанын жазбац тануға жәрдемдеседі. Психологиялық еңбектерді оқу және психологиямен айналысу тәрбиешінің бойында психологиялық тактінің қалыптасуына әсер етеді. Тәрбиені психологиялық тұрғыда қарастыруда: ол тек адамның жай жүріп кеткен жолы ғана емес, ол саналы, ақылмен жүргізілген іс болу қажет.

Жас және педагогикалық психологияның негіздерін қарастырған уақытта М.Жұмабаев баланың дамуы дүниеге келгеннен бастап, от басындағы тәрбиеден басталады. Ата-ана баланы

тәрбие қылғанда алғашқы назарды дене тәрбиесіне жұмсауы керек. Өйткені, дене – жанның құралы «Сау жан, сау денеде ғана болады», - деп түйіндейді Мағжан.

М.Жұмабаев педагогикалық психологияның ең маңызды бөлігі деп «тәрбиені» қояды. Ол туғаннан басталып, тұлға болып қалыптасқанға дейін де, онан кейін де үзілмейтін ұзақ процесс. Баланың оқу жасына дейінгі тәрбиесі тікелей ата-анасынан, қоршаған ортасындағы адамдар тарапынан қалыптасады. Дүниеге келген бала ата-анасының мінезіне еліктегіш келеді. Бала жүргенде, сөйлегенде ата-анасындай болуға тырысады. Мағжан ата-ананың ашуланып, жағымсыз сөздер айтуы балаға беріледі – дейді. Олай болса, ең алдымен баланың айналасындағы адамдар дұрыс мінезді болу керек.

«Тәрбие деген не?» - деп сұрақ қояды да, оған жауап бере келе, Мағжан оны дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп төртке бөледі. «Егерде адам баласына осы тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны, яғни дене тәрбиесі арқылы ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса; ақыл тәрбиесі арқылы түзу ойлайтын, дұрыс пішетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса; сұлулық тәрбиесі арқылы сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындаларлық болса; құлық тәрбиесі арқылы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болсын», - дейді. Осы төрт талапты Мағжан баласының болашағын ойлаған ата-аналардың міндетті ісі деп көрсетеді.

Адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің алатын орны шын мәнінде ерекше. «Бала аурулы болса, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден», - дейді педагог ақын. Бұл айтқандары «Тәрбиелеу үшін – тәрбиешінің өзі тәрбиелі болу керек» дейтін ұлы педагогтардың ойымен үндес келеді. Мағжан тұжырымдауынша жан тәрбиесімен тән тәрбиесі қатар өрбітілуі тиіс.

Өз тұсындағы тәрбие саласында ой-пікірлер айтқан ғалымдармен пікір үндестігі Мағжанда мол байқалады. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов – тәрбиешіге қоғамда үлкен маңыз берген ол тәрбиешіні дәрігермен ғана салыстырады, тіпті оданда жоғары қояды: «Адам ды көзбен тереңнен тексерсек, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақлын, мінезін, жанын сауықтырады» - дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттілігін жете түсініп: «Тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе, отанның күзетшісі, қорғаны» - деп атап өтеді.

Баланың дене тәрбиесі мен жан сұлулығын тәрбиелеуде қоршаған ортаның әсері зор. Соны ата-ана, тәрбиеші алдымен өзі дұрыс қабылдай алып, кейін баланың бойына дарыта білу қажет. Алдымен табиғаттың небір тамаша сырларын көріп, естіп ләззат алу керек. Ол үшін бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын естіп, бұраңдаған қайыңның, яғни жаратылыстың құшағында болса, балада сұлулық сезімдері оянады деп сипаттайды.

Балада сұлулық сезімдерді қалыптастырудың басты жолы, оның маңайындағы нәрселердің таза, ретті, жинақы болуы. Адам сұлулыққа тәрбиеленсе, тазалыққа үйренеді. Тазалықты сүйсе, денесі де, жаны да сау болады. Баланы сұлулыққа тәрбиелеудің тағы бір жолын Мағжан былайша көрсетеді: бала неше түрлі сұлу әндерді естісін, неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін, сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын, сурет салып үйренсін, музыка құралдарында ойнап үйренсін – дейді. Бала өміріндегі осыншама өнер түрлері оған қанат бітіреді, қайрат береді, түрлі ой салады, денеге қуат береді. Осындай әсерлермен өскен бала, өзін жамандыққа бағыттамайды.

Құлық сезімдерді өркендету үшін, баланың айналасындағы адамдардың әдепті болуы шарт. Әдепті бол, әділ бол, өтірік айтпа деген құрғақ сөздерден пайда жоқ. Баланың алдында өзіміз қажет деп, өзіміз күткен нәрсе, айқын өрнек түрінде берілсе, бала өрнектен өзіне керек нәтижені шығарып алады.

Педагогика еңбегінің 18 тарауының 3-уі педагогика мәселелеріне, 15-і оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі психологиялық құбылыстардың дамуы мен маңызына тоқталған.

Адам өміріндегі басты психологиялық құбылыс түйсік пен қабылдауды Мағжан әсерлену дей келе, әдемі түс, әдемі түр, жаратылыстың сұлу заттары, сұлу көріністері адамның әдемілік сезімінің ұлғаюына көру сезімінің көп ықпал ететіндігін сипаттайды.

Баланың есту сезімін тәрбиелеуде – бесік жырының маңызына тоқталады. Ең алдымен анасы баланың жанында үндемей отырмау керек. Бала сөзін ұқпаса да, күйінен әсерленеді. Баланың есту сезімін дамытатын – судың сылдыры, шөптің сыбдыры, темірдің жаңғырығы және мысықтың мияуы, құстың шырылы, сондай-ақ музыка құралдарының үнін естірте беру керек.

Сондай-ақ балада ең алдымен оянатыны тату сезімі, бала қолына түскен нәрсенің бәрін аузына апарып салады. Бала заттарды қолына ұстап қандай екенін біледі, яғни сипау сезімі болады, ең соңында иіскеу сезімі оянады. Мағжанның бұл айтылған тұжырымдары бүгінгі оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолдануға болатын құнды материал болады.

Зейін бала өмірінде аса маңызды, олай болса оны тәрбие қылу жолдарына ерекше мән бермеске болмайды. Бала зейінін қалыптастыруда мұғалімнің даусы ашық, тақтаға жазғанда айқын қылып жазып, балаға көрсететін суреттің бояуы қанық болуы керек. Баланы сыртқы ортамен таныстырмақшы болсаң, сол зат туралы сөйлеп қана қоймай сол заттың суретін салдырып, балшықтан сол затты жасату керек.

Зейінді болудың негізгі шарты – сыртқы әсердің жеке, жаңа болуынан. Сондай-ақ, бала іскер болу үшін, әсерді жаңалап беріп отыру керек. Мұғалімнің сабақты түрлендіріп, жаңалап өткізуінің баланың абайы үшін көп маңызы бар. Бала абайын аудару үшін, әрбір сабақта өздеріне таныс нәрседен мысалдар келтірген дұрыс.

Мағжан адам өмірінде естің маңыздылығына тоқталады. Жас күнінен бастап естің дұрыс дамып, қалыптасуына тәрбиеші үлкен мән беруі керек. Ол үшін біріншіден әсер күшті болу керек. Қатты дауыспен ашық ұқтырылған сабақ баланың есінен шықпайды, екіншіден сыртқы сезімдердің көбі қатынасуы керек, яғни бір заттың түрін де көрсету, дыбысын естірту, ұстатып та көргізу, иіскету, дәмін татқызу, сипату, суретін салғызу т.б.. Осы жолды ұстағанда ғана баланың білімі берік болады, үшіншіден жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстырып беру. Төртіншіден бұрынғы бар білімді неғұрлым көп пысықтаса, есінде сонша берік болып қалады.

Адам неғұрлым білімді, тәрбиелі болса қиялы да бай болмақ. Қиялды өркендетудің жолы: бала қиялын аса керек қылатын салалармен: әдебиет, тарих, жағырапия, жаратылыс сияқты ғылымдармен байланыстыру ұсынылады.

Қиялды өркендетудің бір жолы – ойынмен байланысты. Ойынның да бала қай түрімен ойнап отырғаны тәрбиешінің бақылауында болу керек.

Мағжан тәрбиешінің бала ойлауын сақтықпен, басқыштап өркендету керектігіне баса назар аударып, мынадай жолдарын көрсетеді: біріншіден – баланы қоршаған әсерлеу мен суреттеулер көп және ашық болуы, осыдан баланың өзі ұғым, пікір және ой шығаруы керек. Сондықтан балаға бір пікірді ұқтырмақшы болса, жалаңаш пікірді айтудың қажеті жоқ, бала пікірді суреттеулерден шығаруды үйрену қажет; екіншіден, бала заттарды, көріністерді ұқсас белгісі бойынша тап-тапқа бөлгізіп, жеңілден ауырға көшуді естен шығармау керек; үшіншіден, бала көріністердің, заттардың араларындағы байланысты, яғни әрбір заттың пайда болу жолдарын біліп, өзі ой қорытындысын жасауға бейімделуі қажет.

Мағжан адам жанының ақыл көріністері деп аталатын бөлімін қарастыра отырып, ақылдың осылай өркендеуін білген тәрбиеші, сөз жоқ баланы дұрыс тәрбиелей алады деп көрсетеді. Ақыл-ой еңбегіне бейімделген адам үнемі еңбек қажеттілігін қанағаттандыруға талпынады. Ақыл-ой арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, себептерін тауып, келешекте не болатынын ойлап шығарады. Мұндай ойлай білетін адам шын мағынасымен адам- дейді Мағжан.

М.Жұмабаевтың педагогикалық психологияға қосқан үлесі балалар психологиясын оқу-тәрбие процесінде дамып қалыптасуы негізінде қарастыруы. М.Жұмабаев жан көріністерін табиғи түрде дамуымен бірге, оқыту арқылы баланың ақыл-ойын тұтастай дамытуға және жекелеген психикалық процестерін: түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сезім және ерікті дамытуға мүмкіндік туады дейді.

Оқыту мен тәрбиені қатар қарастыра отырып, Мағжан әрбір мұғалім – бала жанын тәрбие қылатын тәрбиеші, ал әрбір тәрбиеші – оқытуды жүзеге асыратын мұғалім болу керектігін айтады. Оқыту әсерлі, қызықты, жинақты, жігерлі, белсенді өту керек. Ақыл-ой еңбегінің тәрбиемен байланысты болуы оқуды түсініп, жақсы меңгеруі оқудың керекін түсінуі болашақтағы оқу әрекеті үшін аса маңызды.

Қорыта келгенде, ақын, ұстаздың қолданбалы мәні зор, педагогикалық психология мәселелерін қарастырып қана қоймай, оны өскелең ұрпаққа іс жүзінде тәлім-тәрбие берудегі практикалық маңызына да ерекше назар аударғаны ғылыми тұрғыдан дәйектелді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы.-Алматы:Қазақстан, 1996.
2. Жұмабаев М. Шығармалар.- Алматы, 2002.
3. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері.-Алматы,2005.
4. Жарықбаев Қ.Б.,Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.-Алматы:Санат,1995.
5. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология.-Алматы:КазПИ.1982.